

**"Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 194 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 8, № 39, 154-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоса беріліп отырған Аджип Карачаганак Б.В. («Аджип»), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед («Бритиш Газ»), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани («Тексако») компаниялары, «ЛУКойл» мұнай компаниясы» ашық акционерлік қоғамы («ЛУКойл»), «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» жабық үлгідегі акционерлік қоғамы («Қазақойл») мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің салық режимі туралы нұсқаулық бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Аджип Карачаганак Б.В. («Аджип»), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед («Бритиш Газ»), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани («Тексако») компаниялары, «ЛУКойл мұнай компаниясы» ашық акционерлік қоғамы («ЛУКойл»), «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» жабық үлгідегі акционерлік қоғамы («Қазақойл») және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ-конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің салық режимі туралы нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Аджип Карачаганак Б.В. («Аджип»), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед («Бритиш Газ»), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани («Тексако») компаниялары, «ЛУКойл» Мұнай Компаниясы» ашық акционерлік қоғамы («ЛУКойл»), «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» жабық үлгідегі акционерлік қоғамы («Қазақойл») мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің салық режимі туралы нұсқаулық\*»;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. ӨБТК 12.1 және 12.2-бөлімдеріне сәйкес мүлікті беру қандай да бір пайда алуды немесе шығынды көздемейді, осыған байланысты осындай беру кезінде салық салу мақсатында іске асыру бойынша кіріс және/немесе айналым туындамайды. Бұл ретте осы тармақтың ережелері ӨБТК 12.1 және 12.2-бөлімдеріне сәйкес іс жүзінде берілген мүлікке қатысты ғана қолданылады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК